

«Дінтанудағы кәсіби терминология» пәні бойынша семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы

Бұл семинарларға арналған әдістемелік нұсқаулар «Дінтанудағы кәсіби терминология» курсының мазмұнын ашады. Пән атауының өзі осы курстың маңыздылығы мен мәнін айғақтайды.

«Дінтанудағы кәсіби терминология» пәнінен семинарға дайындалу барысында студент дәріс кезінде берілген негізгі ғылыми, дінтанулық бағытты басты ұстанымға алуы керек:

- Пән бойынша білімдерін, негізгі түсініктер, ұғымдар туралы білімдерін көрсету;
- Дінтанулық түсініктерді, терминдерді, категорияларды жүйелеуді меңгеру;
- Дінтануды дамыту үшін кәсіби терминологияның маңызын түсіну
 - Терминологиямен жұмыс істеу перспективаларын: цифрландыру, мәліметтер қорын құру жинақтауды меңгеру.

Студенттердің семинарға дайындалуы:

Семинар тапсырмалары Универ жүйесіндегі Семинар сабақтарының оқу материалдары бөлімінде алдын ала беріліп тұрады. Сол тапсырмалар бойынша студент семинар сабағында ауызша жауап беруі керек.

Семинарға дайындала отырып, студенттер міндетті:

- ұсынылған әдебиеттермен танысу;
- мәселе бойынша түрлі көзқарастарды қарастыру;
- проблемалы мәселерді бөлу;
- өз көзқарасын қалыптастыру;
- даулы сәттерді қарастыру және пікірталас мәселесін шешу.

Студенттердің семинарға дайындалу әдістемесі.

Дайындық кезінде студент мәселені дұрыс бағалауы тиіс және берілген тапсырма тақырыбын толығымен ашуға міндетті. Оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қойылған сұраққа дұрыс және нақты жауап беру керек.

Студенттің кез келген сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар тізімі шамамен төмендегідей:

- жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу;
- мәселенің мәнін ашу;
- мәселенің барлық аспектілері жариялануы тиіс, сұраққа жауап бергенде сөйлемнің толық болуы мен аяқталуы керек;
- студенттің сөз сөйлеуі логика талаптарына сай болуы керек;
- айтылған проблеманы айқын ажырату, оның нақты тұжырымдалуы;

- сөз сөйлеу тақырыппен немесе сұрақпен байланысты болуы керек;
- дәлел келтіргенде, қарама-қайшы келмейтін және толық дәлелдеме болуы керек;
- ұғымдар мен терминдерді дұрыс және мазмұнды пайдалану;
- пікірталас, пікірталасуды қолдау, басқа студенттердің жауаптарына талдау жасау;
- оқытушының немесе басқа студенттердің тақырыпқа қатысты семинар барысында айтқан құнды пікірлерін немесе жаңа ақпаратты жүйелі түрде жазып отыру;
- студенттердің оқытушыға және топтастарына қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын.